



FTAMP 14.15.15
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-151-2-27-46>

Болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластері

Г.С. Болыс*¹, Н.Ш. Алметов²

^{1,2}М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

(E-mail: *¹bolys_2030@mail.ru, ²n_almetov@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада кластерлік тұғыр негізінде болашақ педагог-психологтарды даярлау мәселесі теориялық тұрғыдан кеңінен талқыланады. Білім беру кластері – жоғары оқу орындарының жетекшілігімен жалпы білім беретін мектептер, арнайы орта кәсіби білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары, білім беруді басқару ұйымдары және болашақ мамандар даярлаудан мүдделі басқа да жұмыс берушілердің интеграциясы, нәтижеге бағдарланған серіктестік әрекеттері. Мақалада білім беру кластері болашақ педагог-психологтарды дайындаудың өзекті аспекті ретінде қарастырылады, өйткені кластер құрамында маман даярлаудың сапасынан мүдделі тараптардың ресурстарын біріктіріп, білім беру сапасына қарай бағдарлауға мүмкіндіктер ашылады.

Зерттеу барысында білім беру кластерінің мәні мен маңызы, құрамдас бөліктері және стратегиялық бағыттары анықталып, бұл болашақ педагог-психологтарды кластер шеңберінде даярлаудың тиімділігін берді. Білім беру кластерін құрастыру мәселелері болашақ педагог-психологтарды даярлау мақсаттары тұрғысынан қарастырылды. Болашақ педагог-психологтарды кластерлік тұғыр негізінде даярлаудың перспективалық бағыттары, жаңа мүмкіндіктері туралы тұжырымдар жасалынды. Индукция және дедукция, салыстырмалы талдау әдістерін пайдаланып болашақ педагог-психологтарды білім беру кластері шеңберінде даярлаудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Мақалада білім беру кластерін құру бойынша ұсыныстар, тиімді әдістер мен тәсілдер жоғары оқу орындарында кәсіби болашақ педагог-психологтарды даярлаудың міндеттерін жүзеге асыру маңызды.

Мақала бүгінгі таңда және таяу перспективада болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерлерін пайдаланудың қажеттілігін көрсетіп, мамандар даярлау сапасынан мүдделі барлық тараптардың әлеуетін біріктірудің олардың баршасы үшін бірдей пайдалы екендігін түсінуіне көмектеседі.

Түйін сөздер: болашақ педагог-психолог, кластер, білім беру кластері, кластерлік тұғыр, жоғары оқу орындары, жұмыс берушілер, кластер субъектілері, кластердің жүйе құраушылары

Кіріспе

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында былай деді: Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл осы себепті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта аламын». «Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек», - атап өтеді мемлекет басшысы (Тоқаев, 2025).

Қоғамның цифрлық трансформациялануы жағдайында өскелең ұрпаққа білім беру мен оны тәрбиелеудің әуелі педагогикалық қауымдастық кездеспеген жаңа, күрделі проблемалары туындап отыр. Қазіргі оқушы-жастарды тәрбиелеумен байланысты проблемалардың шешімдері, көбінесе білім беру ұйымдарының шеңберінен шығатын, білім берудің сапасынан мүдделі тараптардың да белсенді қатысуын қажет ететін біріккен іс-әрекеттерді қажет етеді.

Қазіргі таңда қоғамдық өмірдің түрлі салаларында кластерлік тұғырдың артықшылықтары айқын көрінуде. Білім саласында да кластерлендіру мамандар даярлаудың сапасы, оның нәтижелілігін арттыруға оң әсер ететіндігін шет елдік және отандық озық тәжірибелер көрсетеді.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагог-психологтарды даярлаудың жаңа парадигмалық ұстанымдары оқу-тәрбие үдерісінің нәтижеге бағдарлануын, сондықтан оның білім беру бағдарламаларының және оларды іске асырудың технологияларының практикалық бағыттылығын күшейтуді қажет етеді. Дер кезінде жоғары білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық ресурстары әрқашанда қарқынды дамудағы өндіріс жағдайларына сәйкес келмейді. Соның ішінде, болашақ педагог-психологтардың теориялықжәнепрактикалықбағытталғанпәндікбілімдері,іскерліктерімендағдыларын шынайы өмірлік, кәсіби ортада дамыту, оларды кәсіби құзыреттіліктер деңгейіне көтеру маңызды. Бұл орында өндіріс орындарында өтетін әртүрлі іс-тәжірибелер де кейде толық нәтиже бермейді. Өйткені, студенттердің іс-тәжірибесі нәтижелері практика базасы болған ұйымдар басшылығы мен қызметкерлерін формальды түрде қызықтырады.

Кластерлік тұғыр болашақ мамандарды даярлауда мүдделі және тараптардың (жоғары оқу орындары, білім беру ұйымдары, мекетептен тыс қосымша білім беру мен тәрбиелеу ұйымдары, психологиялық кеңестер, реабилитациялық орталықтар, жергілікті басқару органдары, мәдениет-ағарту мекемелері т.б.) басын қосып, олардың ресурстары мен кадрлық әлеуетін ортақ пайдалануға кең жол ашады. Инновациялық кластер құрамындағы ынтымақтастықтан оның барлық қатысушылары ұтады. Бүгінгі таңда білім беру саласында, шын мағынада, кластерлік құрылымдар құру, жобаларды іске асыратын кез келді.

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында» атап өтілгендей, «кластерлер өндірістік және сервистік кәсіпорындар, білім беру және ғылыми ұйымдар, билік органдары мен даму институттары кооперациясының жаңа тиімді нысаны болып табылады. Кластерлік тәсіл өңірлердегі компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде өңдеу өнеркәсібі мен өнімді көрсетілетін қызметтер секторын дамытудағы маңызды

бағытқа айналады». «Кластердің негізгі ерекшелігі оған кіретін кәсіпорындардың жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілермен салыстырғанда кластердің барлық қатысушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру ретінде көрініс табатын көрінетін синергетикалық әсер алуы болып табылады» (Тұжырымдама, 2023).

«Инновация өндірістегі қиындықтар сияқты мәселелерге қарсы тұру ағыны болады, атап айтқанда ақпараттың жетіспеушілігі, жоспарлау процесін жақсарту қажеттілігі, жеткізудегі қателіктер, компоненттер және т.б. (Søren, 2018). Болашақ жоғары білікті мамандарды даярлауда одан мүдделі барлық тараптардың күш-жігерін, кадрлық және ресурстық әлеуетін біріктіру – кластерлік тұғыр, білім беру қызметтері және оның өнімдерін тұтынушы барлық ұйымдар үшін инновация болып табылады. Кластер, педагогикалық инновация ретінде, білім беру ұйымы және оның қызметтері тұтынушыларының өмірлік қызметіндегі қиындықтарды жеңудің ұтымды амалы.

Д.Химматалиев, Д.Султанова, Н.Омоновалардың пайымдауынша «білім беру кластері - бұл аймақтық негізде мамандандырылған білім беру және ғылыми ұйымдарды, ресурстар мен инфрақұрылымды, сондай-ақ білім беру саласына қызмет ететін түрлі мекемелерді біріктіретін жүйе. Ол қатысушылардың өзара байланысын қамтамасыз етіп, білім беру сапасын арттыруға және болашақ педагог-психологтарды даярлауда бәсекелестік артықшылықтарды дамытуға бағытталған» (Khimmataliev, Sultanova және Omonova, 2023).

Білім беру кластерінің маңызына тоқталып, авторлар былай жазады: «Бұл өз кезегінде, педагог кадрлардың кәсіби даярлығын жетілдіруде және олардың шығармашылық әлеуетін ашуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, ресурстар мен қызметтерді бірлесіп пайдалану, инфрақұрылымды дамыту және бірлескен маркетинг кластердің тиімділігін арттырады» (Khimmataliev және басқалары, 2023).

Авторлардың «болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластері жаңа білім беру технологияларын енгізуге, оқу бағдарламаларын жетілдіруге және білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Мұндай жүйе білім беру саласындағы барлық қатысушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастырып, жоғары білікті мамандарды даярлауға жағдай жасайды», - деген пікірін толықтай қолдау мүмкін (Khimmataliev және басқалары, 2023).

Материалдар мен әдістер

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерін дамыту тиімділігін зерттеу үшін кешенді зерттеу әдістері қолданылады. Бұл әдістер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әзірленіп, білім беру кластерінің құрылымдық, мазмұндық және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

Білім беру кластері негізінде болашақ педагог-психологтарды даярлаудың теориялық негіздерін жан-жақты зерттеу үшін келесі ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері қолданылды:

1. Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау. Бұл әдістер білім беру кластерінің маңызы, мәні мен ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді. Ғылыми-әдебиеттерді теориялық талдау арқылы болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы инновациялық

тұғыр – кластерлендірудің дәстүрлі тұғырлар мен тәсілдерден артықшылығы және кең әлеуеті анықталды. Әр түрлі зерттеушілердің тұжырымдары білім беру кластерінің мақсаттары мен стратегиялық бағыттарын, сондай-ақ педагогикалық бағдарламаларды кластерлендіру мүмкіндіктерін айқындауға негіз болды. Бұл білім беруді кластерлендірудің әдіснамалық, теориялық және қолданбалы қырларын терең түсініп, болашақ педагог-психологтарды даярлауда тиімді кластерлік модельдерді айқындауға мүмкіндік берді.

2. Талқылау және салыстыру әдістері. Болашақ педагог-психологтарды білім беру кластері негізінде даярлау аспектілерін тереңірек түсіну үшін біз талқылау және саралау әдістерін пайдаландық. Мақалада білім беру кластерінің құрамдастары және оны құрастырудың тәсілдері жан-жақты талқыланды. Бұл әдістер маман даярлаудағы кластерлік тәжірибені салыстыра отырып, оны болашақ педагог-психологтарды даярлауға шығармашылық тұрғыдан көшіру мүмкіндіктерін қарастырдық.

3. Индукция және дедукция әдістері. Бұл әдістер болашақ педагог-психологтарды даярлауда жалпы білім беретін мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары, оқу орталықтары, білім беруді басқарудың жергілікті ұйымдарын сапалы мамандар даярлау мақсаттары аясында интеграциялаудың жеке үлгілерден жалпы стратегияларға және жалпы қағидалардан нақты кластерлік тәсілдерге өтудің әдістері қолданылды. Бұл кластер жұмысының әртүрлі аспектілерін көрсететін есептеулер арқылы құнды бақылаулар жүргізуге және нәтижелерді түсіндіруге мүмкіндік берді (Tvaronavičienė пен Razminienė, 2017). Мұның нәтижесінде болашақ педагог-психологтарды даярлау процесін кластерлендірудің жеке көріністері нақтыланып, жалпы тұжырымдары жасалынды.

Зерттеу барысында мынадай болжам ұсынылды: егер жоғары оқу орындары болашақ педагог-психологтарды даярлау сапасына мүдделі тараптармен бірлесе білім беру кластерін құрса, ол болашақ педагог-психологтардың басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді тетігіне айналады, себебі кластер қатысушыларының ресурстары кәсіби даярлыққа жүйелі түрде бағыт-бағдар алады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі таңда білім беру жүйесі әр түрлі әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге жауап беру мақсатында жаңарып, дамып келеді. Бұл процесте кластерлік тәсіл білім беру саласында маңызды рөл атқарып, оны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Әсіресе, болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру жүйесін кластерлік тәсілге негіздеу олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерін қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі. Білім беру кластері – бұл білім беру мекемелері, ғылыми-зерттеу институттары, кәсіби ұйымдар, әлеуметтік және экономикалық әріптестер арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған, шоғырланған құрылым. Мұндай кластерлер педагогикалық және психологиялық мамандықтарға мамандар даярлаудағы тиімділікті арттыруға, аймақтық білім беру жүйесін жетілдіруге және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру кластерлерінің негізгі идеясы – әртүрлі ұйымдардың ресурстары мен мүмкіндіктерін біріктіру арқылы кластерлік білім сапасын арттыру. Бұл тәсіл инновацияларды енгізуді, кадрлық әлеуетті дамыту мен аймақтық ерекшеліктерді ескеруді қамтамасыз етеді. М. Портер және басқа да ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, кластерлік тәсіл әлеуметтік және экономикалық дамуға үлкен әсер етеді, себебі ол жүйелі өзара әрекеттестік пен синергетикалық әсерге негізделеді. Болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерлерінің маңызды рөлі:

- білім беру процесінің тиімділігін арттыруға;
- ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерді біріктіруге;
- өңірлік және ұлттық деңгейде білім беру сапасын көтеруге ықпал етуінде.

Кластерлік саясатты жүзеге асыруда педагогикалық білім беру мекемелері мен олардың әріптестерінің тығыз байланысы, сондай-ақ инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану шешуші рөл атқарады. Бұл әдіс білім беру саласының ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге және болашақ мамандардың кәсіби даярлығын күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл тұғыр педагогикалық білім беру құрылымдарын біріктіре отырып, жаңа траекторияларды қалыптастыруға ықпал етеді және болашақ педагог-психологтардың кәсіби дайындығын арттыруда кластерлік тәсілдің тиімділігін көрсетеді. Сондықтан, болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластері кәсіби құзыретті мамандарды қалыптастыруға бағытталған жаңа маңызды қадам болып табылады.

Кластерлік әдіс теориясы шетелдік авторлардың (М.Ю.Портер, С.Замапски, П.Маскелл, Л.С. Маркова, О.Н.Черных, Ж.Л.Шаповал және басқалар) зерттеулерінде ұсынылған.

Бірқатар дәрежеде кластерлердің шығу тегі мен жұмыс істеуінің белгілі бір принциптері М. Фельдман, Дж. Шумпетер, А. Маршалл және басқалардың шығармаларында сипатталған. Е. Глэйзер, А. Страусс, А. Дюбуа, Г. Бекаттини, Т. Брешнан, А. Бйорг, М. Майлс, М. Хуберман, М. Мурро, Б. Кац, Ф. Хубер және басқалар кластерлік тұғырдың зерттелуіне елеулі үлес қосқан. Педагогикалық білім беру жүйесін кластерлендіру мәселелерін Т.О.Бурда, Н.В.Горбунова, М.Н.Булаева, О.В.Ибрагимова, Л.Г.Насырова, Е.П.Татьянина және басқалар)зерттеген. Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде кластерлік тұғыр мәселесі, негізінен, экономикалық зерттеулер мәселелері аясында қарастырылған (С.М.Жұманғарин, Р.А.Алшанов, Ғ.Б.Байназаров, Г.У.Макенова, С.С.Еспаев т.б.). Дегенмен, отандық педагогика және психология ғылымдарында білім беру кластері мәселелері бойынша жұмыстар әлі де тапшы.

Зерттеу жұмысында білім беру кластерін құрастыру және оның қызметі мәселесіне арналған ғылыми әдебиеттер талданып (Тұжырымдама, 2023; Григорьев, Валеев, Латыпова, 2018;Татьянина, 2017;Ткаченко, 2015; Соколова, 2014 және Залялова, 2010) бұл жүйенің құрылымдық элементтері нақтыланды. Авторлар «білім беру кластері «білім беру - технологиялар - өндіріс» тізбегіне негізделіп, оқу орындары мен кәсіпорындардың интеграциясы арқылы сапалы мамандарды даярлауға бағытталған», – деген ортақ тұжырымды қолдайды. Сондай-ақ авторлар білім беру кластерін инновациялық жүйе ретінде сипаттап, оны түрлі білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық негізінде инновациялық білім беру қызметін ұйымдастырудың маңызды тетігі ретінде қарастырады.

Е.П. Татьяна (Татьянина, 2017) болашақ педагог-психологтарды жобалық кластерлерді басқаруға даярлауды жүйелі-әрекеттік және процессуалды-кластерлік тәсілдер негізінде құрастыруды ұсынады, яғни модельді әзірлеу және жүзеге асыру қажет, ол:

- ресурстық-торлы компоненттерді (ақпараттық ресурстар, желілік өзара әрекеттесу және желілік өзара әрекеттестіктен алынған өнімдер);

- ұйымдастырушылық-пәндік компоненттерді (теориялық, тәжірибелік және қолданбалы бөлімдерден тұратын дайындық бағдарламасы мен кезеңдер);

- жобалық басқару компоненттерді (жобалық өзара әрекеттесу, жобалық жұмыс және желілік өзара әрекеттесуді модерациялау).

- қарым-қатынас тақырыбында еркін жобалар, басқару жобалары, процесс автоматтандыруы және кешенді жобаларды орындау қажет (Khimmatiev, Sultanova және Omonova, 2023; Татьяна, 2017). Автордың ұсынып отырған педагогикалық кластердің моделі мазмұнды интеграциялану, бейімделушілік, тұрақтылық, ұжымдық өзара әрекеттесуге бағытталған қасиеттерге ие болуы тиіс. Қоршаған орта талаптарын ескеру, желілік ынтымақтастық, практикалық бағыттылық принциптерін ескеру қажет. Педагогикалық жағдайлардың кешенін анықтап, қамтамасыз ету қажет, яғни:

- құрылымдық координациялық жағдайлар, модельдің компоненттеріне оң әсер ететін жағдайлар: білім алушылардың желілік ресурстарды таңдауға жеке тәжірибесін ескеру, жобалық шешімдердің қоғамдық-профессионалды орта өкілдерімен сарапталуы, уақытты басқару принциптері бойынша өзара ынтымақтастықты ұйымдастыру;

- субъектті жағдайлар, білім алушы тұлғасына әсер ететін жағдайлар: коммуникативтік шеберлікті дамыту, болашақ педагогтың шығармашылық әлеуетін ашу, кәсіби бағыттылықты қалыптастыру (Khimmatiev, Sultanova және Omonova, 2023; Татьяна, 2017).

Автордың пайымдауынша «болашақ педагог-психологтарды жобалық кластерлерді басқаруға даярлау жоғары оқу орнының арнайы жобалық-оқыту ортасында субъектілердің мақсатты және жүйелі әрекеті ретінде түсініледі, бұл білім алушылардың ресурстарды дербес жүйелендіруге және ақпарат жинау, өңдеу және беру арқылы білім беру жобасын әзірлеуде тиімді желілік өзара әрекеттестікті жүзеге асыруға дайын болуын қамтамасыз етеді» (Horak, Matoskova, Danko, 2020; Татьяна, 2017).

Е.В.Соколова мақаласында «білім беру кластері» ұғымының педагогика ғылымының терминологиялық аумағына кіру тарихын қарастырған, орысша және ағылшынша терминнің мағыналық толтырылуына талдау жасаған. Автордың «білім беру кластерінің негізгі айырмашылығы оның құрамында емес (білім беру кластерінің құрамына коммерциялық ұйымдар, мемлекеттік басқару органдары, серіктестік бойынша ұйымдар кіруі мүмкін) немесе жоғары оқу орындарының басты рөл атқаруында емес, өнім іс-әрекетінің нәтижесі болып табылатын ал арнайы өнімінде», – деп дұрыс пайымдаған». «Егер автомобиль кластерінде негізгі өнім – автомобиль, химия өндірісінде – химиялық өндіріс өнімі болатын болса, онда білім беру кластерінде негізгі өнім – бұл білім беру қызметтері». Сол себепті автор білім беру кластерін «білім беру ұйымдары мен әлеуетті жұмыс берушілердің өзіне кіріктіретін жүйе ретінде қарастырып, оны соңғы нәтиже – өзінің кәсіби іс-әрекетін тиімді орындауға қабілетті, құзыретті маманды дайындауға бағдарлаймыз», – деп жазады (Соколова, 2014).

А.С.Валеев, Е.Н.Григорьев, Р.М.Латыповалардың пайымдауынша «білім беру кластері мамандарды үздіксіз даярлаудың жүйелі түрі ретінде сипатталды, оның нәтижесінде

жұмыс берушілер мен оқу орындары арасында өзара тиімді ынтымақтастық орнатылып, білім алушыларға нақты өндірістік тәжірибе беріледі. Бұл білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға және болашақ педагог-психологтарды кәсіптік ортаға бейімдеуге мүмкіндік береді. Білім беру кластерінің ұйымдастырылуы білім алушыларды практикалық дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ жұмыс берушілердің талаптарына сай мамандарды даярлауға бағытталған» (Соколова, 2014).

А.С.Валеев т.б. білім беру кластерінің басымдық сапаларына ерекше мән берген. Авторлар білім беру кластерін «білім беру ұйымдары мен әлеуетті жұмыс берушілерді интергациялайтын жүйе» ретінде қарастырады. Білім беру кластерін соңғы нәтижеге өз кәсіби қызметін тиімді атқаруға қабілетті құзыретті маманды дайындауға бағдарлайды. Авторлар «білім беру кластерінің барлық құрамдастары (мектеп-арнаулы кәсіби білім беру ұйымдары - жоғары оқу орны жұмыс беруші) бұл нәтижеге қол жеткізуге тырысады. Көбінесе білім беру кластері тұтас жүйенің бүкіл жұмысын үйлестіруші белгілі бір жүйе құрастырушы жоғары оқу орнының жетекшілігімен құрастырылады», – деген тұжырымды ұсынады (Валеев, Григорьев және Латыпова, 2010).

А.Г.Залялова білім беру кластері жағдайында педагог кадрларды даярлаудың аймақтық моделін ұсынған. Автор білім беру кластерін «әлеуметтік әріптестік, оны құрастыратын ортақ қажеттіліктер және ішкі ресурстарды тиімді пайдалануға қабілетті басқару және білім беру ұйымдарының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін интеграциялық механизм», – деп мінездейді (Залялова, 2010). «Жүйе құрастырушы компонент және педагогикалық кадрларды үздіксіз дайындаудың аймақтық моделі ретінде, білім беру кластері ұйымдастырушылық, басқару, технологиялық, мазмұндық деңгейлерді құрайтын, соңғы нәтижеге қол жеткізу бойынша алға қойылған мақсатқа сәйкес үздіксіз педагогикалық білім берудің мақсатқа бағытталған біртұтас процесін қамтамасыз етеді» (Залялова, 2010).

Автор үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру шеңберінде білім беру кластерінің негізгі стратегияларын анықтаған: экономикалық – тиімді білім беру қызметтері саласын құру, қысқа мерзімде педагог кадрларды даярлауға сұранысты дер кезінде қанағаттандыру; әлеуметтік – жұмыс берушілер мен келісім шарт құру арқылы педагогикалық білім беру ұйымдары бітірушілерінің жұмысқа орналасуына кепілдікті қамтамасыз ету; маркетингтік-инновациялық технологияларды қорыту және тарату, жалпы білім беретін мектептердің бейіндік және бейін алды сыныптарында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру; құқықтық – кластерде серіктестік өзара қатынастарды ұйымдастыру үшін нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуді қамтамасыз ету; педагогикалық – «мектеп-арнайы кәсіби білім беру мекемесі – жоғары оқу орны» жүйесінде педагог кадрларды үздіксіз дайындау жағдайында білім беру қызметін бірлескен жобалау» (Залялова, 2010).

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға көшу маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Бұл өзгерістерді жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінде үздіксіз және көп деңгейлі білім беру кеңістігін қалыптастыру қажет. Мұндай кеңістік болашақ педагог-психологтардың кәсіби дағдыларын дамыту үшін барлық мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, олардың үздіксіз кәсіби қалыптасуына ықпал етеді. Білім беру кластері жүйесінің негізгі мақсаты – болашақ мамандардың педагогикалық және психологиялық дағдыларын толыққанды

дамыту, оларды нақты білім беру процесінде тиімді қолдану үшін қажетті жағдайлар жасау.

Зерттеу барысында білім беру кластерінің құрылымы мен мазмұны болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығы мен дамуына ықпал етуі тиіс. Білім беру кластері, бір жағынан, теориялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіріп, басқа жағынан, білім беру мен жұмыс берушілердің арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді. Бұл кластерлер педагог-психологтардың кәсіби даярлығын арттыру, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа әдіс-тәсілдер мен мүмкіндік береді. Кластерлік жүйе болашақ педагог-психологтардың білімін практикалық тәжірибемен ұштастырып, олардың қоғамдағы әртүрлі жағдайларға бейімделуін жеңілдетеді.

Білім беру кластері негізінде ұйымдастырылатын оқыту процесі педагог-психологтардың әртүрлі деңгейдегі білім беру орталарында тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Бұл жүйе кәсіпорындармен және білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс орнатуға, сондай-ақ білім алушыларды жұмыс орындарында іс-тәжірибеден өткізуге мүмкіндік береді. Дуальды оқыту жүйесі бұл процесті одан әрі нығайтады, өйткені білім алушылар оқу орны мен өндіріс орындарында бір уақытта оқып, тәжірибе жинақтайды. Бұл тәсіл болашақ педагог-психологтардың кәсіби дағдыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар білім беру жүйесінің кәсіпорындармен интеграциясына жол ашады.

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерінің рөлі ерекше, себебі бұл жүйе педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру үшін жаңа мүмкіндіктер мен бағыттарды ұсынады. Кластерлік тәсілдер арқылы болашақ мамандарды даярлаудағы білім беру жүйесін одан әрі жақсартуға, педагогикалық кадрларды тиімді даярлауға қол жеткізуге болады (Залялова, 2010).

С.Н.Ткаченко кластерлік тұғыр шеңберінде білім алушының жеке білім алу траекториясын құру мәселесін зерттей келе, гуманистік тәсілді енгізу мәселесін алға қойған. Автордың пайымдауынша, «білім беру саласындағы кластер деп бір сала үшін мамандар дайындайтын білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың бірлестігі түсініледі» (Ткаченко, 2015).

«Білім процесі қатысушыларының арасында қосымша байланыстардың болмауы себепті, олардың жұмысында әртүрлі мәселелер туындайды», – жазады С.Н.Ткаченко. Автор бұл мәселелерді төрт топқа бөледі: 1) өндіріс орындарының мәселелері; 2) оқу мекемелерінің мәселелері; 3) білімалушылардың мәселелері; 4) мемлекеттік билік органдарының мәселелері». Осы мәселелерді шешу үшін білім беру процесін ұйымдастырудың түбегейлі ерекше формасы – кластер құру қажет.

«Кластерлік саясат – бұл әртүрлі салалардағы мемлекеттік органдардың қолдауымен кластерлік қызмет (мысалы, өндіріс, инновация, білім беру). Кластерді басқару – бұл жақсартуға ықпал ететін кластер ішіндегі барлық ұйымдастырушылық-басқарушылық жұмыстар, кластер мүшелері арасындағы (ішкі қатынастар) және кластер мен кластер құрамдастары арасындағы өзара байланыс, айналадағы серіктестермен (сыртқы байланыстар)» (Günther пен Meissner, 2017).

Оның тиімділігін әлемдік тәжірибе дәлелдейді. «Кластерлік тұғыр негізінде білім беру процесінің барлық қатысушылары әрқайсысының мүддесін ескере отырып,

қарым-қатынас жасау және бір-біріне ықпал ету мүмкіндігіне ие болады», – дейді автор (Ткаченко, 2015).

Болашақ педагог-психологтарды даярлау процесін қарастыра отырып, білім беру тараптардың кешенді өзара әрекеті ретінде түсінеміз: оқытушы (білім алушы) субъект, білім беру қызметтерін ұсынатын оқу орны; білім беру процесін бақылаушы мемлекеттік билік органдары (аймақтық немесе федералды деңгейде); жұмыс беруші – білім беру процесінің соңғы тұтынушысы, яғни білікті мамандар мен олардың құзреттіліктерін қажет ететін тарап.

Білім беру саласындағы мәселелерді шешудің тағы бір шарты – білім беру процесін гуманистік тәсіл негізінде ұйымдастыру, мұнда білім алушы – болашақ маманның мүддесі бірінші орынға қойылады. Гуманистік тәсілді енгізу жаңа оқыту формаларын білім беру жүйесіндегі олардың тиімдісі – кластерлік әдіс болып табылады.

Жаңа оқыту процесі қатысушыларының өзара әрекеттесу формасы енгізілген кезде, әр қатысушының мүддесін барынша ескеретін тиісті білім беру траекториясын жобалау қажеттілігі туындайды. Мұндай білім беру траекториясын құруға қатысты әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу осы жұмыстың негізгі мақсаты болады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалады:

- дәстүрлі және кластерлік тәсілдер шеңберінде білім беру процесінің қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесу ұйымдастыруды қарастыру;

- барлық қатысушылардың мүдделерін қанағаттандыратын білім беру траекториясын анықтау және оны құруға қатысты әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу (Валеев, Григорьев және Латыпова, 2010).

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді талдау «білім беру кластерлерін құрудағы негізгі міндет – кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарымен сала кәсіпорындары арасындағы кооперацияның тартымдылығын арттыру» екендігін дәлелдейді. Н.Н.Давыдова мен Б.М.Игошев (Давыдова пен Игошев, 2015) бұл мәселені шешудің екі тәсілін атап көрсеткен:

- біріншіден, кластер ішінде кәсіби білім берудегі саланың инновациялық технологиялары трансферттерінің мультипликативті әсеріне ықпал ететін өзара іс-қимылдарды қамтамасыз ету жолымен;

- екіншіден, телекоммуникациялық инфрақұрылыммен мамандандырылған сервис-тің сапасын, технология саласындағы бәсекелестіктің өнімділігін жақсарту есебінен кластер ішіндегі білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы және оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру негізінде (Давыдова пен Игошев, 2015).

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерінің құрылымын қалыптастыру мен оның тиімділігін бағалау – білім беру жүйесінің инновациялық дамуына маңызды әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта білім беру кластерлері аймақтардың педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалану үшін бірлескен әрекет етудің қажеттілігі мен мүмкіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Аймақтық білім беру кластерлерін дамыту болашақ педагог-психологтардың кәсіби біліктілігін арттыруға және олардың инновациялық педагогикалық тәсілдерді енгізу қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік тұрғыдан, аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып білім беру кластерлерінің құрылымын қалыптастыру, болашақ мамандарды даярлау үдерісінде

қажетті жағдайларды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім беру ресурстарын оңтайлы пайдалану мен педагогикалық және психологиялық бағыттағы білім беру ұйымдарының өзара әрекеттесуін күшейтуге бағытталған. Әрбір аймақтың ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру кластерінің тиімділігін бағалау әдістемесін пайдалану арқылы аймақтық қажеттіліктерді ескере отырып жұмыс жүргізу ұсынылады.

Кластерлік жүйенің дамуы аймақтың педагогикалық әлеуетін толық пайдалану үшін маңызды болып табылады. Мысалы, Алматы мен Астана қалалары, сондай-ақ Қарағанды, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстары білім беру саласындағы жоғары әлеуетке ие аймақтар ретінде айқындалды. Бұл аймақтарда педагогикалық және психологиялық мамандарды даярлау үдерісін жетілдіруге қолайлы жағдайлар бар. Бұл аймақтарда білім беру жүйесінің әлеуетін арттыруға арналған арнайы стратегиялар мен іс-шаралар ұсынылды.

Кластерлік жүйе арқылы білім беру ресурстарын тиімді пайдаланудың басты мақсаты-аймақтық ерекшеліктерге бейімделген білім беру бағдарламаларын енгізу. Бұл өз кезегінде болашақ педагог-психологтардың жоғары кәсіби деңгейде даярлануына ықпал етеді. Кластерлік тәсілдің тиімділігін бағалау үшін аймақтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларын ескере отырып, нақты көрсеткіштер мен бағалау өлшемдерін анықтау қажет. Осылайша, білім беру кластерлерінің құрылымы мен тиімділігін бағалау аймақтық білім беру жүйесінің қажеттіліктеріне сәйкес, үнемі жетілдіріліп отыруы тиіс. Білім беру кластерлерін құру мен дамыту болашақ педагог-психологтарды даярлауда сапалы өзгерістерге жол ашады. Аймақтық педагогикалық әлеуетті барынша пайдалану және кластерлердің тиімділігіне негізделген әдістемелік құралдарды қолдану білім беру жүйесінің инновациялық дамуында маңызды қадам болып табылады (Давыдова пен Игошев, 2015).

«Қазіргі уақытта кластерді дамыту тұжырымдамасы бірте-бірте салалық аумақтық көзқарасты халық шаруашылығын басқаруға ауыстырады және ұлттық әлеуметтік-экономикалық жүйенің модернизациялық серпілісін қозғалысқа әкелетін маңызды фактор ретінде қарастырылады деп сеніммен айта аламыз, - деп жазады отандық зерттеуші Г.У.Макенова (Макенова, 2018).

Автор экономикасы дамыған және кейбір дамушы елдерде кластердің қызметін және дамуын негіздейтін негізгі факторларды атап көрсеткен, атап айтқанда:

- кластерлік саясат елді жергілікті немесе ұлттық деңгейде дамыта алады және инновацияны енгізудің әлеуетін дамытып, бәсекеге қабілеттілік пен өнімділікті арттырады;
- егер аймақтың негізгі ресурс көздері мен артықшылықтары бар болса, кез-келген өңірде кластер пайда болуы мүмкін;
- кластерді дамыту аймақтың басқа салаларын ынталандыруға итермелейді және мұндай мүмкіндік білімді қалыптастыруға және арттыруға, қосымша жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік-экономикалық факторларды өсіруге мүмкіндік береді;
- кластерді дамыту шетелдік инвестицияларды тартады, бұл компаниялардың халықаралық нарыққа енуін арттыруға мүмкіндік береді;
- болашақта кластерлердің табысты дамуы өндіріс пен нарықтың жаһандану үдерістеріне жауап беру қабілетіне, олардың құрылтайшылары жаңа білім көздеріне

және экзогендікті қоса алғанда, жаңа білім көздеріне бейімделу қабілетіне байланысты болады (Макенова, 2018).

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластерінің табысты дамуы үшін бірнеше маңызды факторлар орын алады. Бұл факторлар білім беру жүйесінің инновациялық дамуына ықпал етіп, педагогикалық мамандарды даярлаудың сапасын арттыруға бағытталған. Кластерлік дамудың негізі білім беру саласының жергілікті және ұлттық деңгейде жаңартылуына әсер ететін кластерлік саясатта жатыр. Бұл саясат педагог-психологтарды даярлау үшін жаңа тиімді модельдер мен инновациялық әдістерді енгізуге мүмкіндік береді.

Аймақтық ресурстар мен артықшылықтарды тиімді пайдалану білім беру кластерінің дамуына маңызды ықпал етеді. Әрбір өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру инфрақұрылымын және ғылыми-зерттеу базаларын дамыту арқылы педагогикалық кадрларды даярлау сапасы артады. Бұл фактор білім беру кластерінің аймақтық білім беру деңгейін көтеруге әсер етеді.

Салалар арасындағы ынтымақтастық кластерлердің табысты дамуында маңызды рөл атқарады. Білім беру, ғылым, технология және өндіріс салаларының өзара әрекеттесуі білім беру мазмұнын жаңартып, мамандарды даярлау сапасын арттырады. Бұл өз кезегінде педагог-психологтардың теориялық және практикалық білімдерін кеңейтеді.

Халықаралық ынтымақтастық пен шетелдік инвестицияларды тарту білім беру кластерінің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Бұл педагог-психологтардың кәсіби даярлығын халықаралық стандарттарға сай етіп қалыптастырады. Сонымен қатар, жаңа білім көздеріне бейімделу білім беру кластерінің болашақта табысты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл технологиялар мен ғылыми жаңалықтарды енгізу арқылы педагогикалық білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру кластері аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, инновациялық әдістер мен халықаралық тәжірибелерді енгізу арқылы кәсіби мамандарды даярлаудың сапасын жақсартуға ықпал етеді. Кластерлік тәсіл педагогикалық білім беру жүйесінің дамуына жаңа серпін береді және бұл білім беру саласын жоғары деңгейде жаңартуға мүмкіндік тудырады (Макенова, 2018).

С.С.Еспаев, А.А.Киреева ұлттық кластерлерді қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасын зерттей келе, «инновациялық кластерді құру нәтижесінде келесі мақсаттарға қолымыз жетеді», – деп жазады, яғни:

- аймақтық не саланың экономикасын модернизациялау және технологиялық дамыту тетіктері жасалынады;
- сектордың, саланың кешенді жобаның бәсекеге қабілеттілігі жоғарылайды;
- ғылым – білім кешені кооперациясы мен қатысушылардың өзара байланысты тетіктері қалыптасады;
- өзара пайдалы ынтымақтастық ұйымдастырылады және сенімсіздік азаяды;
- аймақтың инфрақұрылымы дамуға бет түзейді;
- бюджет табысы артады;
- тұрғындардың табысы артып, халықтың еңбекпен қамту деңгейі өседі» (Еспаев, Киреева, 2013).

Авторлардың кластерлердің түрлеріне берген сипаттамалары білім беру саласында кластерлерін жобалау және құрастыру үшін жақсы идеялар береді. Атап айтқанда, «инновациялық кластер екі белгісімен сипатталады: ол инновациялық өнімді шығарады; оның аймағында инновациялық инфрақұрылым қалыптасқан болады» (Ногак, Matoskova, Danko, 2020; Татьяна, 2017).

Мысал үшін, «Білім бер көшбасшылары» кластері. Оның қатысушылары білім беру саласындағы менеджерлерді даярлау және біліктілігін арттырумен айналысады» (Ногак, Matoskova, Danko, 2020; Татьяна, 2017).

Болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластерін қалыптастыру және дамыту мына шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- білім беру кластерін құру мен дамытуға арналған «жол карталарын» жасау (жүзеге асырудың жоспар-кестелері), соның арқасында кластерді қалыптастыру және кластерлік жобаларды іске асыру кезең-кезеңімен жүзеге асады;

- жаңа білім беру ұйымдары мен шағын және орта білім беру орталықтарын ашу, оның ішінде білім беру кластеріне жаңа қатысушыларды тарту;

- педагогикалық-психологиялық білім беру бағдарламаларының ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновациялық белсенділігі жоғары ұйымдар мен заманауи оқыту технологияларының үлесін көбейту;

- ғылыми және білім беру қызметінің басым бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін модернизациялау. Атап айтқанда, педагогикалық және психологиялық инновациялық әлеуеті бар ұйымдардың өсуі, білім беру кластері арқылы жоғары технологиялық білім беру орталықтарын құру;

- жаңа жұмыс орындарын ашу және білім беру кластеріне қатысушы ұйымдардағы бар жұмыс орындарын модернизациялау;

- педагогикалық және психологиялық білім беру бағдарламалары бойынша техникалық, инженерлік, әдістемелік мамандарды қоса алғанда, барлық мамандарды инновациялық технологияларға бейімдеп оқыту және біліктілікті арттыру;

- білім беру кластеріне қатысушы кез келген меншік түріндегі ұйымдардың негізгі капиталына инвестиция көлемін ұлғайту. Бұл болашақ педагог-психолог мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, заманауи білім беру технологияларын меңгеруіне және саланың тұрақты дамуына ықпал етеді. (Давыдова пен Игошев, 2015).

Дер кезінде, болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластерінің философиялық «қарама-қайшылықтар бірлігі мен күресі» заңы тұрғысынан қарастыратын болсақ, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін байқай аламыз Кесте 1.

Кесте 1. Болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластерінің артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
1. Интеграцияланған білім беру: Білім беру кластері түрлі пәндер мен практикалық дайындықты біріктіруге мүмкіндік береді, бұл болашақ педагог-психологтардың жан-жақты даярлығын қамтамасыз етеді.	1. Жоғары шығындар: Мұндай кластерлерді құру мен дамыту үшін көп материалдық және ұйымдастырушылық ресурстар қажет.

2. Теория мен практиканың үйлесімі: Кластер оқушыларға нақты практикалық дағдыларды меңгеруге жағдай жасайды. Психологиясаласындағы практикаға басымдық беріледі.	2. Ұйымдастырудың күрделілігі: Әріптестер арасында тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету қиын болуы мүмкін.
3. Серіктестік желісі: Кластер құрамына жоғары оқу орындары, мектептер, зерттеу институттары мен практикалық орталықтар кіреді, бұл тәжірибе алмасуға ықпал етеді.	3. Аймақтық шектеулер: Барлық аймақтарда мұндай кластерлерді іске асыру жүзеге аспауы мүмкін.
4. Білім сапасының артуы: Кластердегі ортақ мақсаттар мен ынтымақтастық білім беру сапасын жақсартуға көмектеседі.	4. Тренерлер мен оқытушылардың жетіспеушілігі: Білікті мамандарды табу қиын болуы мүмкін.
5. Заманауи технологияларды қолдану: Кластерлер жаңа технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін тиімдірек етеді.	5. Кадрлық тұрақсыздық: Маман тапшылығы салдарынан оқыту сапасы төмендеуі мүмкін.
6. Мансаптық мүмкіндіктерді кеңейту: Түлектерге жұмысқа орналасу жеңілдейді, себебі олар тәжірибелік білім мен дағдыларды игереді.	6. Индивидуалды тәсілдің жетіспеуі: Кластерлердегі топтық жұмыстар кейде студенттердің жеке ерекшеліктерін ескермеуі мүмкін.

Білім беру кластерінің тиімділігін негізделей келе, оны шынайы практикада жүзеге асыру аса маңызды. Сондықтан Оңтүстік өңіріндегі жоғары оқу орындарының флагманы – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы өңірлік білім беру кластерін құруға әзірлік жасауда. Білім беру кластерінің құрамына болашақ педагог-психологтар даярлау сапасына мүдделі тараптарды кіріктіру, олардың тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Атап айтқанда, кластер құрамына жергілікті білім беру басқармасы, Оңтүстік Қазақстан жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент қаласындағы психологиялық орталықтар, кафедрамен тығыз қарым-қатынастағы Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты жалпы білім беретін мектептерді қосу жоспарланған. Осы орайда **болашақ педагог-психологтарды даярлаудың өңірлік кластерін құру схемасы** туралы тоқталамыз.

1-кезең. Өңірлік білім беру кластерін құрудың мақсаттарын, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық базасын жасау:

Бұл кезеңде мынандай міндеттер орындаланды:

- болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластерінің мақсаттары, міндеттері және оның жұмысының негізгі бағыттарын анықтау;
- білім беру кластерні құрудағы өңірлік әлеуетті анықтау (кадрлық, материалдық база, инфрақұрылым);
- кластер құруға қажетті құқықтық базаны қалыптастыру (келісім-шарт жасау, меморандумдарға қол қою);
- маркетингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру кластері қызметі нәтижелеріне сұраныстарды, мүдделі тараптардың қызығушылықтарын анықтау және бағалау).

2-кезең. Білім беру кластері қызметін стратегиялық жоспарлау.

Бұл кезеңде орындалатын жұмыстар және олардың тізбегі:

- білім беру кластерінің перспективалық жоспарын құру (бес жылға);
- жылдық әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын бекіту;
- кластер құрылымының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау (кластер қатысушылары қандай ресурстарын ортақ мақсаттарға бөліседі) және мүдделі тараптарды келісімін алу;
- басшылар мен қатысушылар үшін арнайы тренингтер өткізу және жоспарлар дайындау.

3-кезең. Білім беру кластері жұмысын ұйымдастыру.

Үшінші кезең жоспарланған іс-шараларды ұйымдастыруға арналады. Мұнда кластердің толыққанды жұмысы үшін қажетті құжаттама толықтай рәсімделеді. Университет кафедрасы, педагогикалық колледждер, жалпы білім беретін мектептер, психологиялық орталықтар, білім беру басқармасы кластер жұмысына тартылады.

4-кезең. Ынтымақтастықты орнату және бекіту.

Бұл кезеңде өзара пайдалы серіктестікті күшейту мүмкіндіктері пайдаланылады. Мысалы, кафедра білім беру бағдарламаларын әзірлеуде өндірістің (білім беру, басқару, әлеуметтік-психологиялық қолдау ұйымдарының) қажеттіліктері анықталып, құрастырылатын бағдарламалар оған сәйкестендіріледі). Студенттердің кафедрада теориялық білім алуы ұйымдарда іс-тәжірибемен үздіксіз байланыстырылады, дуальды оқыту мүмкіндіктері ашылады. Оқытушы-профессорлардың зерттеулері өндіріске кеңінен ендіріледі. Ал жоғары оқу орнымен серіктес мекемелердің да жұмыс орындарына сапалы кадрлар жинау, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, педагогикалық және ұйымдастырушылық инновациялар ендіру міндеттері орындалады.

5-кезең. Білім беру кластері құрылымының тұрақты жұмысы және оның нәтижелерін жүйелі талдау.

Бұл кезеңде кластер қатысушыларының барлығы ортақ пайдаланатын және олардың мүдделерін қанағаттандыратын инфрақұрылым қалыптасады және тиімді жұмыс жасайды. Мысалы, кафедраның психология лабораториясы колледждер, психологиялық орталықтар, білім беру басқармасы құрылымдарының қызметкерлері біліктілігін арттыру үшін пайдаланылады. Ал, кафедра білім беру бағдарламаларының оқытушы-профессор құрамы мен білім алушылары үшін өндірістік орындарында тәжірибелік білім алу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін «арнаулы секторлар» болады.

Білім берудің кластері қатысушыларының басшылары мен білікті мамандарынан құралатын арнаулы топ кластердің жұмыс жоспарларының орындалуын бақылайды, бағалайды. Білім беру кластері тиімділігінің артуы мына критерийлермен анықталады: болашақ педагог-психологтарды даярлау білім беру бағдарламаларын іске асырудың сапасы; кластер қатысушыларының кадрлық сапасын жақсартуы; ғылыми әзірлемелер мен педагогикалық инновацияларды өндіріске ендірудегі сандық және сапалық көрсеткіштер; ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру; біріккен жобалар және әлеуметтік іс-шаралар санының артуы.

Қорытынды

Болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы білім беру кластері инновациялық әдістер мен аймақтық ерекшеліктерді ескеруге негізделеді. Мұндай тәсіл мамандардың кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, білім беру саласының өңірлік және жалпы-ұлттық деңгейде дамуына ықпал етеді. Кластерлік жүйені енгізу білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру арқылы педагогикалық кадрларды даярлауды жақсартудың басты құралы бола алады.

Болашақ педагог-психологтарды даярлау жүйесін жетілдіру білім беру кластерлерін ұйымдастыру арқылы тиімді болады. Білім беру кластерлері педагогикалық, психологиялық және ғылыми инновацияларды бірлесе дамытуға мүмкіндік береді, бұл болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға маңызды әсер етеді. Кластерлік тұғыр оқыту процесінде көпқырлы және интегративті тәсілді қолдануға жағдай жасайды, сондай-ақ оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын нығайтуға мүмкіндік береді. Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді теориялық талдау болашақ педагог-психологтарды кластерлік тұғыр негізінде даярлауды жетілдіру бойынша мынандай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Жоғары оқу орындарының аймақтық экономика, әлеуметтік сала, білім беруді дамытудың драйвері рөлін, беделін арттыру.

2. Білім беру кластерінің орталық буыны ретінде жоғары оқу орны профессор-оқытушыларының білім беруді кластерлендіру мәселесі бойынша біліктілігін арттыру, ұстаздар мен білім алушылардың қатысуымен кластерлік жобаларды әзірлеу.

3. Аймақтық ерекшеліктер, жұмыс берушілердің мүдделері т.б. факторларды есепке алып, болашақ педагог-психологтарды даярлаудың білім беру кластерінің барлық субъектілері үшін қолайлы кластерлік моделін әзірлеу және сатылы түрде ендіру. Бір-біріне өзара қолдау көрсетуге және тәжірибе алмасуға даяр ұйымдарды кластер құрамына тарту).

4. Жұмыс берушілерді кластер субъекттері құрамына кіруін ынталандыру, олармен байланысты, өзара мүдделі қатынастарды барынша күшейту, білім беру кластерінің барлық тараптар үшін артықшылықтарын көрсету.

5. Дуальды оқыту жүйесін дамыту, оның аумағын кеңейту (психологиялық-түзету орталықтары, орта және арнаулы білім беру мекемелері мен қатар, білім беруді басқару органдары, басқа да құрылымдармен осы бағыттағы байланыстарды күшейту).

6. «Педагогика және психология» білім беру бағдарламаларына кластерлік тұғырды ендіру міндеттеріне орай өзгерістер енгізу (пәндік оқу нәтижелері, оқу бағдарламалары, білім алушылар үшін оқу тапсырмаларын қайта қарау).

7. Желілік ынтымақтастықты күшейту және ресурстық база құру (білім беру кластерлерінің тиімділігі желілік өзара әрекеттестікке байланысты болады. Әрбір қатысушы ұйымның тәжірибесі мен ресурстары білім беру процесінің сапасын арттырады. Осыған байланысты білім беру кластерлерінің ресурстық базасын күшейту, зерттеу және әдістемелік қолдау көрсету жүйесін қалыптастыру маңызды. Мұндай желілер білім беру жүйесінде заманауи педагогикалық және психологиялық әдістерді енгізуге ықпал ете отырып, болашақ педагог-психологтардың кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік береді).

8. Кластер шеңберіндегі өзара байланысты әрекеттің тиімділігін оның барлық субъектілері сезінуі, бұл ең алдымен болашақ педагог-психологтарды даярлау сапасының жоғары деңгейде, педагогикалық инновацияларды енгізу және одан пайдалы нәтижелер күтуде айқын көріну керек.

Мүдделер қақтығысы

Кластерлік тұғыр отандық білім беру саласында жаңа құбылыс. Сондықтан осы мәселеде зерттеу жүргізген әртүрлі ғылым салаларындағы зерттеушілерге болашақ педагог-психологтарды кластерлік тұғыр негізінде даярлау бойынша жаңа идеялар мен бастамаларға түрткі беретін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары үшін алғыс білдіреміз

Авторлардың қосқан үлесі

Болыс Г.С. – Мақала тақырыбы бойынша материалдарды жинады және жүйеледі. Мақала құрылымын үйлестіріп, зерттеу нәтижелерін жинақтап, талдау жасады және қорытындыларды қалыптастырды. Деректердің дұрыстығына немесе мақала бөліктерінің тұтастығына қатысты мәселелерді қарастырды. Мақала мәтінін жазды.

Алметов Н.Ш. – Зерттеудің тұжырымдамасын әзірледі. Мақала мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарастырды. Мақаланың соңғы нұсқасын қарап, бекітті. Мақаланың логикалық құрылымы, құрамдастарының мағыналық байланысы, мәліметтердің шынайылығымен байланысты мәселелерді қарастырды. Мақала мазмұнының жоғары ғылыми сапасын қамтамасыз етті.

Әдебиеттер тізімі

Валеев, А.С. Григорьев, Е.Н. Латыпова, Р.М. (2018) «Формирование компетентного специалиста в рамках образовательного кластера». стр.147–159. Педагогика, Науки об образовании
Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-kompetentnogo-spetsialista-v-ramkah-obrazovatel'nogo-klastera> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 26 қаңтар)

Давыдова, Н.Н. Игошев, Б.М. (2015) «Развитие педагогического (образовательного) кластера в региональном образовательном пространстве» стр.14. Педагогическое образование в России
Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-pedagogicheskogo-obrazovatel'nogo-klastera-v-regionalnom-obrazovatel'nom-prostranstve> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Еспаев, С.С. Киреева, А.А. (2013) «Ұлттық кластерлерді қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы» 77–78бб. Алматы. Қолжетімді: <https://ehistory.kz/media/upload/55/2013/08/17/6387f52cad3bdb8b5b54dc78867a4742.pdf> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Залялова, А. Г. (2010) «Региональная модель подготовки педагогических кадров в условиях образовательного кластера» стр.3–12. Казань, Қолжетімді: <https://core.ac.uk/download/pdf/197418832.pdf> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 28 наурыз (2023) Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000259/history> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Макенова, Г.У. (2018) «Экономиканы кластерлік дамытудың шетелдік тәжірибесі» 201–207бб. Қолжетімді: https://saer.narxoz.kz/jour/article/view/216?locale=kk_KZ (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Соколова, Е.И. (2014) «Термин «образовательный кластер» в понятийном поле современной педагогики» Электронный журнал «Непрерывное образование: XXI век» Вып. 2(6). Қолжетімді: 10.15393/j5.art.2014.2371 (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Татьянина, Е.П. (2017) «Подготовка будущих педагогов к управлению проектными кластерами: на материалах» стр.3–12. г.Челябинск Қолжетімді: DOI: <https://www.dissercat.com/content/podgotovka-budushchikh-pedagogov-k-upravleniyu-proektnymi-klasterami> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Ткаченко, С.Н. (2018) «Особенности формирования индивидуальной образовательной траектории в рамках кластерного подхода» Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. 5. стр.54. Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-formirovaniya-individualnoy-obrazovatelnoy-traektorii-v-ramkah-klasterного-podhoda> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Тоқаев, Қ.-Ж. (2025) «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» «Ана тили» газетіне берген сұхбаты 3 қаңтар Қолжетімді: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokayev-maksatym-ekonomikany-zhane-egemendikti-nygaytu-203030> (қол жеткізілген күні: 2025жылғы 27 қаңтар)

Günther, J. Meissner, D. (2017) Clusters as Innovative Melting Pots?—the Meaning of Cluster Management for Knowledge Diffusion in Clusters. Journal of the Knowledge Economy 8(8), pp.499–512 <https://doi.org/10.1007/s13132-017-0467-z>

Horak, M. Matoskova, J. Danko, L. (2020) Development of a Cluster Manager's Competencies Towards Competitiveness. Journal of Competitiveness, 12(1), pp.57–73. Available at: <https://www.cjournal.cz/files/355.pdf> (Accessed: 28 January 2025)

Khimmatiev, D. Sultanova, D. Omonova N. (2023) «Development of students' creative competencies based on individual approach in educational cluster conditions» pp–35. <https://doi.org/10.5281/zenodo.8345240>

Søren V. (2018) Conditions of implementation of employee-driven innovation, Article in International Journal of Entrepreneurship and Innovation Management Vol. 22, Nos. 4/5, pp.471-484 Available at: <https://www.researchgate.net/publication/325640589> (Accessed: 20 June 2025)

Tvaronavičienė, M. Razminienė, K. (2017) Towards competitive regional development through clusters: approaches to their performance evaluation. Journal of Competitiveness, Vol. 9, Issue pp.133-147. <https://doi.org/10.7441/joc.2017.04.09>

Г.С. Болыс*¹, Н.Ш. Алметов²

^{1,2}Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

Образовательный кластер в подготовке будущего педагога-психолога

Аннотация. В данной статье разносторонне анализируется проблема подготовки будущего педагога-психолога на основе кластерного подхода. Образовательный кластер – это интеграция, партнерские действия организаций общего среднего образования, организаций средне специального профессионального образования, вузов, органов управления образования и других

заинтересованных в подготовке будущих специалистов сторон, под эгидой высших учебных заведений, ориентированный на результат. В статье образовательный кластер рассматривается как актуальный аспект подготовки будущих педагогов-психологов, так как в составе кластера открываются новые возможности для объединения ресурсов, ориентации на качественное образование всех заинтересованных сторон.

В ходе исследования были определены сущность и значение, составные части и стратегические направления образовательного кластера, что дало эффективность подготовки будущих педагогов-психологов в рамках кластера. Вопросы создания образовательного кластера рассмотрены через призму целей подготовки будущих педагогов-психологов. Были сделаны выводы о перспективных направлениях, новых возможностях подготовки будущих педагогов-психологов на основе кластерного подхода. С использованием методов индукции и дедукции, сравнительного анализа определены достоинства и недостатки подготовки будущих педагогов-психологов в рамках образовательного кластера. В статье представлены рекомендации по созданию образовательного кластера, эффективные методы и подходы к реализации задач подготовки профессиональных будущих педагогов-психологов в вузах.

Статья, показывая необходимость использования образовательных кластеров в подготовке будущих педагогов-психологов в современных условиях и в ближайшую перспективу, способствует пониманию одинаковой пользы объединения потенциала всех заинтересованных в качественной подготовке будущего специалиста сторон.

Ключевые слова: будущий педагог-психолог, кластер, образовательный кластер, кластерный подход, высшие учебные заведения, работодатели, субъекты кластера, системообразующие кластеры.

G. Bolys^{*1}, N. Almetov²

^{1,2}*M. Auezov South Kazakhstan University, doctor of pedagogical sciences, professor,
Shymkent, Kazakhstan*

Educational cluster in the training of future pedagogue-psychologists

Abstract. This article will broadly discuss theoretically the issue of training future pedagogue-psychologists on the basis of cluster approach. Educational cluster-integration of general education schools, organisations of secondary special professional education, higher education institutions, educational management organisation, and other interested employers in the training of future specialists under the guidance of universities, partnership actions aimed at gaining results. In the article, the educational cluster is being considered relevant aspect of training of future pedagogue-psychologists, as in the composition of the cluster there are opportunities to consolidate the resources of stakeholders from the quality of training of specialists and focus on the quality of education.

In the course of the study, the essence and significance, components and strategic directions of the educational cluster were identified, which gave the effectiveness of training future teachers-psychologists within the cluster. Issues of constructing an educational cluster were considered from the point of view of training future pedagogue-psychologists. Conclusions were drawn about promising areas and new opportunities for training future teachers-psychologists on the basis a cluster approach. Through application of induction and deduction, comparative analysis of the advantages and disadvantages of

training future pedagogue-psychologists within the educational cluster have been identified. The article presents recommendations on the creation of an educational cluster, effective method and approaches to the implementation of the tasks of training professional future psychology teachers in universities.

The article emphasises the necessity of using educational clusters in the training of future pedagogue-psychologists today and in the nearest time, helps to understand that combining the potential of all stakeholders contributes to the quality of specialist training and is equally beneficial for both parties.

Keywords: future pedagogue-psychologists, cluster, educational cluster, cluster method, higher education institutions, employers, cluster subjects, system-forming clusters.

References

Valeev, A.S., Grigorev, E.N. and Latypova, R.M. (2018) Formirovanie kompetentnogo spetsialista v ramkakh obrazovatel'nogo klastera [Formation of a competent specialist within the framework of an educational cluster]. *Pedagogika, Nauki ob obrazovanii*, pp.147–159. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-kompetentnogo-spetsialista-v-ramkah-obrazovatel'nogo-klastera> (Accessed 26 Jan. 2025).

Davydova, N.N. and Igoshev, B.M. (2015) Razvitie pedagogicheskogo (obrazovatel'nogo) klastera v regionalnom obrazovatel'nom prostranstve [Development of an educational cluster in the regional educational space]. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*, p.14. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-pedagogicheskogo-obrazovatel'nogo-klastera-v-regionalnom-obrazovatel'nom-prostranstve> (Accessed 27 Jan. 2025).

Espaev, S.S. and Kireeva, A.A. (2013) Ul'tytk klasterlerdi kalyptastyru zhane damytu tozhyrymdamasy [Concept for forming and developing national clusters]. *Almaty*, pp.77–78. Available at: <https://ehistory.kz/media/upload/55/2013/08/17/6387f52cad3bdb8b5b54dc78867a4742.pdf> (Accessed 27 Jan. 2025).

Zalyalova, A.G. (2010) Regionalnaya model podgotovki pedagogicheskikh kadrov v usloviyakh obrazovatel'nogo klastera [Regional model of teacher training in educational cluster conditions]. *Kazan*, pp.3–12. Available at: <https://core.ac.uk/download/pdf/197418832.pdf> (Accessed 27 Jan. 2025).

Government of Kazakhstan. (2023) Qazaqstan Respublikasyn industrialyq-innovatsiyalyq damytudyn 2021–2025 zhyldarga arналған tozhyrymdamasy [Concept of Industrial-Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2021–2025]. 28 March. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000259/history> (Accessed 27 Jan. 2025).

Makenova, G.U., (2018) Ekonomikany klasterlik damytudyn sheteldik tazhiribesi [Foreign experience in cluster development of the economy]. pp.201–207. Available at: https://caer.narxoz.kz/jour/article/view/216?locale=kk_KZ (Accessed 27 Jan. 2025).

Sokolova, E.I. (2014) Termin “obrazovatel'nyy klaster” v ponyatiynom pole sovremennoy pedagogiki [The term “educational cluster” in the conceptual field of modern pedagogy]. *Nepreryvnoe obrazovanie: XXI vek*, 2(6). Available at: <https://doi.org/10.15393/j5.art.2014.2371> (Accessed 27 Jan. 2025)

Tatyanina, E.P., (2017) Podgotovka budushchikh pedagogov k upravleniyu proektnymi klasterami: na materialakh [Training future teachers for managing project clusters]. *Chelyabinsk*, pp.3–12. Available at: <https://www.dissercat.com/content/podgotovka-budushchikh-pedagogov-k-upravleniyu-proektnymi-klasterami> (Accessed 27 Jan. 2025)

Tkachenko, S.N. (2018) Osobennosti formirovaniya individualnoy obrazovatel'noy traektorii v ramkakh klaster'nogo podkhoda [Features of forming individual educational trajectory within the cluster

approach]. Vestnik Baltiyskogo federalnogo universiteta im. I. Kanta, 5, pp.54. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-formirovaniya-individualnoy-obrazovatelnoy-traektorii-v-ramkah-klasternogo-podhoda> (Accessed 27 Jan. 2025)

Tokayev, Q.-Zh. (2025) Maqsatym–ekonomikany zhane egemendikti nygaitu [My goal is to strengthen the economy and sovereignty]. Ana tili, 3 January. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-maksatym-ekonomikany-zhane-egemendikti-nygaytu-203030> (Accessed 27 Jan. 2025)

Günther, J. Meissner, D. (2017) Clusters as Innovative Melting Pots?—the Meaning of Cluster Management for Knowledge Diffusion in Clusters. Journal of the Knowledge Economy 8(8), pp.499–512 <https://doi.org/10.1007/s13132-017-0467-z>

Horak, M., Matoskova, J. and Danko, L. (2020) Development of a cluster manager's competencies towards competitiveness. Journal of Competitiveness, 12(1), pp.57–73. Available at: <https://www.cjournal.cz/files/355.pdf> (Accessed 28 Jan. 2025)

Khimmatgaliev, D., Sultanova, D. and Omonova, N. (2023) Development of students' creative competencies based on individual approach in educational cluster conditions. Zenodo. <https://doi.org/10.5281/zenodo.8345240>

Søren V. (2018) Conditions of implementation of employee-driven innovation, Article in International Journal of Entrepreneurship and Innovation Management Vol. 22, Nos. 4/5, pp.471-484 Available at: <https://www.researchgate.net/publication/325640589> (Accessed: 20 June 2025)

Tvaronaviciene, M. and Razminiene, K. (2017) Towards competitive regional development through clusters: approaches to their performance evaluation. Journal of Competitiveness, 9(4), pp.133–147. <https://doi.org/10.7441/joc.2017.04.09>

Авторлар туралы мәлімет:

Болыс Г.С. – хат-хабар авторы, PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке хан к., 5, 160000, Шымкент, Қазақстан

Алметов Н.Ш. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Тәуке хан к., 5, 160000, Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах:

Болыс Г.С. – автор для корреспонденции, докторант PhD, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, ул. Тауке хана, 5, 160000, Шымкент, Казахстан

Алметов Н.Ш. – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова ул. Тауке хана, 5, 160000, Шымкент, Казахстан

Information about authors:

Bolys G. – corresponding author, PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Tauke Khan str., 5, 160000, Shymkent, Kazakhstan

Almetov N. – doctor of pedagogical sciences, professor, South Kazakhstan University named after M. Auezova, Tauke Khan str., 5, 160000, Shymkent, Kazakhstan